Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 155

МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Рысбекова А.

Халықтағы балалардың мүгедектігі мемлекетте әлеуметтік мәселенің көпшілігін туғызады. Мемлекеттегі балалардың кемтарлығының проблемасы денсаулық қорғау министрлігі үшін тек оны анықтау ғана емес сонымен қатар мүгедектің лайықты мәртебесінің рәсімдеумен түйінделеді. Балалар кемтарлығының себебінің құрылымында бірінші орынды жүйке жүйесінің аурулары алады. Денсаулық жағдайында үлкен ауытқушылығы бар балалардың санының өсуіне қарамастан көптеген зерттеушілердің пікірінше қазіргі медициналық қамсыздандырудың бар жүйесі мүгедектікті анықтауға бағытталған мамандандырылған қажетті көмек көрсетпейді.

Соңғы жылдары мүмкіндіктері шектеулі балалардың арасындағы олардың тіршілік әрекетінің шектелуі мен денсаулық жағдайының бұзылуының таралуына арналған көптеген зерттеулер шыға бастады. Бірақ осы күнге дейін мүгедек балалардың бұл проблемаларының жеке топтардағы ауруларға арналаған жұмыстары жоқтың қасы. Бірқатар авторлардың мәліметтері бойынша көптеген мүгедек балалар іс жүзінде медициналық қызмет жүйесінен тыс қалуда, яғни олар дәрігер- оңалтушылар, әлеуметтік жұмыскерлер мен мұғалімдерден жеткілікті ілтипатты алып жатқан жоқ. Қазіргі кезде мүгедек балаларға комектесетін мекемелердің бірқатары бар, бірақ осы ахуалды зерттеушілерінің айтуы бойынша осы мекемелердің қалыптасқан жүйесінің құрылымы қазіргі уақытта мүгедек балалардың әсіресе медициналық оңалтудағы барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай отыр.

Мүгедек балаларға көрсетілетін медициналық – әлеуметтік комектің барлығын реформалау жағдайында жүйке жүйесінің ауруларымен анықталатын мүмкіндіктері шектеулі балалардың, денсаулығында ауыр ауытқушылықтары бар мүгедек балалардың медициналық оңалтуының ұйымдастырушылығының жетілуіне бағытталған зерттеу өте маңызды болып отыр.

Оңалту дегеніміз - жай ғана емдеуді оңтайландыру емес, бұл мүгедек балаларға жан-жақты көмек көрсетуге яғни олардың денсаулығының қалпына келуіне көмектесуге, қоғамдағы психоәлеуметтік жағдайы мен бірлесуін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар бұндай оңалту мекемелерінде қажетті медициналық қызметтер мен оңалту іс-шараларын барлығын қабылдап, балалық шақтың бүкіл қуанышына бөленулері үшін оздерін ыңғайлы әрі еркін сезінулері қажет.

Жетекші: сәулет өнері кандидаты Ш.Т.Абдыкаримова